«№3 Хромтау орта мектебі» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Ата-аналарға арналған оқыту семинары
№1 хаттамасы

Өткізілу күні: 18.02.2022ж
Уақыты: 16.00.
Өткізілу түрі: офлайн

Қатысқандар саны – 78 ата-ана. (тізім бойынша)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2022 жылдарда №3 Хромтау орта мектебінде мемлекеттік қызметтер көрсету жағдайынан ақпараттар беру.

Ш.Т.Отаров – мектеп директоры

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Ш.Т.Отаров – мектеп директоры

Мектеп директоры Отаров Ш.Т №3 Хромтау орта мектебінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің орындалуы және 2022 жылғы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жөнінде хабарлама жасады.

2022 жылы «№3 Хромтау орта мектебінде » КММ бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын жүзеге асыру бойынша Білім және ғылым министрлігімен бекітілген 7 (жеті) мемлекеттік қызмет көрсетіледі.Олар:

1) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау

2) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау

3) Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру

4) Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау

5) Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну

6) Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру

7) Біліктілік санаттарын беру және растау үшін білім беру ұйымдары мен республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары педагогтерін аттестаттаудан өткізу үшін құжаттар қабылдау

Мемлекеттік қызмет көрсетуде құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру екі тәсіл: көрсетілетін қызметті беруші арқылы "электрондық үкімет" веб-порталы және білім беру ұйымдары арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартарымен таныстырды, қызмет көрсету мерзімі, мемлекеттік қызметтер көрсетудің тәртібі мен қабылданатын қажетті құжаттары талданды. Бекітілген жауапты тұлға бұйрығы мен жұмыс кестесі таныстырылды.

Сонымен бірге мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша бұйрық арқылы жауапты тұлғалардың бекітілгені туралы , мектеп дәлізіндегі ақпараттық стенд туралы, аудандық білім бөліміне тапсырылып отыратын есептер туралы айтылды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету барысында барлық заңдылықтарды сақтап отыруға ұсыныс айтылды. Ата-аналардың қойған сұрақтарына жауап берді.

Ата-аналарды оқыту семинарында шешім етті:

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша бекітілген жауапты тұлғалардың заңдылықтарды сақтауы қатаң бақылансын.

Жиналыс төрағасы: Ш.Т.Отаров

Хатшы: А.С.Бітімбай